**ЭКСПО - 2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізуге Астана қаласының қатысуын дайындау мәселелері жөнінде ұйымдастыру комитетін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 8 ақпандағы № 19-ө Өкімі

ЭКСПО - 2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін (бұдан әрі - көрме) өткізу құқығына Астана қаласының қатысуына арналған Халықаралық Керме Бюросына өтінім дайындау мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған көрмені өткізуге Астана қаласының қатысуын дайындау мәселелері жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

2. Ұйымдастыру комитеті жұмысты Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ө.Е. Шөкеев 2009 жылы 13 қарашада бекіткен көрмені өткізуге Астана қаласының өтінімін жылжыту жөніндегі 2010-2012 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізсін.

3. Ұйымдастыру комитетінің мәжілістері қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізілсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ө.Е. Шөкеевке жүктелсін.

*Премьер-Министр К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 8 ақпандағы № 19-өкімімен бекітілген

РҚАО-ның ескертпесі!

Құрамға өзгерту енгізу көзделген - ҚР Үкіметінің 2010.06.18 № 612 Қаулысымен ( жариялануға жатпайды).

## ЭКСПО - 2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізуге Астана қаласының қатысуын дайындау мәселелері жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы

Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚРҮкіметінің 2011.06.24 № 705, 2012.03.26 N 353 Қаулыларымен.

Келімбетов Қайрат Нематұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға

Жошыбаев Рәпіл Сейітханұлы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысы, төрағаның орынбасары

Тасмағамбетов Иманғали Нұрғалиұлы - Астана қаласының әкімі, төрағаның орынбасары

Қазыбаев Айдар Қалымтайұлы - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі Сауда комитетінің төрағасы, хатшы

Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы - Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрі

Орынханов Мұрат Қадесұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

Жақсылықов Тимур Мекешұлы - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі

Кәкен Қарлығаш Ғазизқызы - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетінің төрайымы

Бөкенбаев Жақып Құттыбекұлы - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Электр энергетикасы және көмір өнеркәсібі департаментінің директоры

Байбеков Мырзақасым Ниязбекұлы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Экономика салаларын дамыту департаментінің директоры

Қожағапанов Ерлан Тоқтарханұлы - Астана қаласы әкімінің орынбасары

Құзғанова Салтанат Диасқызы - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі Сауда комитеті сыртқы сауда басқармасының бастығы

Жүнісов Сәрсенбек Ендібайұлы - Астана қаласы Сәулет және қала құрылысы басқармасының бастығы

Тәйталиев Бақтыбай Халықұлы - «Астана қаласы бас жоспарының ғылыми-зерттеу жобалау институты» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директорының орынбасары

Жданова Татьяна Викторовна - Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасының вице-президенті (келісім бойынша)

| | |
|---|---|
| Син Валерий Секкиевич | - "J&G Consultoria de Ferias S.L. Kazakhstan" компаниясының бас директоры (келісім бойынша) |
| Корреас Санчес Хуан Крузо | - "J&G Consultoria de Ferias S.L." компаниясының бас консультанты (келісім бойынша) |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК